

Қызылорда облысындағы Ленинск қаласының атын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2695

Қызылорда облысы жұртшылығының тілектерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік ономастикалық комиссияның қорытындысы негізінде қаулы етемін:

1. Қызылорда облысындағы Ленинск қаласының аты Байқоңыр қаласы болып өзгертілсін.

2. Былай деп белгіленсін:

Осы Жарлықтың қабылдануы Ленинск қаласы жөнінде Ресей Федерациясымен жасалған шарттар мен келісімдердің ережелерін өзгертпейді.

Қазақстан Республикасының
Президенті